



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭСТЕТИКА

Жаңа заман көркемдік дәуір ретінде





## Жаңа заман көркемдік дәуір ретінде

1. Кезеңнің ерекшеліктері
2. Классицизм
3. Ағартушылық
4. Сентиментализм
5. Романтизм
6. Неоготика:

Құрметті тыңдаушылар, өнер тарихын қарастыруды жалғастыратын бүгінгі тақырып Жаңа заман көркемдік дәуір ретінде. Бұл тақырып аясында негізінен XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың 80-ші жылдарына дейінгі үш ғасырды қамтитын Жаңа кезеңдегі Еуропа мәдениетін талдаймыз. Бұл үш ғасыр ортақ сипаттарды біріктіреді: өндірістің капиталистік тәсілі, рухани бағыттардың бірлігі – жеке тұлға, гуманизм, еуроцентризм, рационализм. Классикалық түрдегі мемлекет қалыптасты, саяси партиялар пайда болды. Сонымен қатар әрбір дәуірдің өзінің ерекшеліктері, өзіне тән айырмашылықтары болады. Ағартушылық XVII ғасырдың аяғында Англияда пайда болды. Оның негізін салушылар философтар Джон Локк (1632-1704 жж.), Дэвид Юм, экономист Адам Смит және т.б. болып табылады. Сонымен қатар, XVII ғасыр – бұл Еуропа тарихындағы өте күрделі әрі қарамақайшылығы мол ғасыр, ғылыми төңкерістер кезеңі. Бұл бетбұрыс ғасыры болды, яғни онымен қатар бір мезгілде ортағасырлық ескі мәдениет те өмір сүрді. Дегенмен де, XVII жүзжылдық көркем мәдениеттің дамуы үшін өте қолайлы уақыт болды. ол тек ғылым емес, өнер ғасыры ретінде де тарихта өз орнын айқындады. Әлем мен дүние туралы білімді экспериментке сүйенетін ғылымдар, философия мен реалистік бағытталған өнер беру керек болатын. Осы кезеңнің өкілдері өз уақытын ақыл-парасат пен ағарту жүз жылдығы деп атады. Шіркеу беделін және күші құдіретті салттарды дәріптейтін орта ғасырлық түсініктер сынға ұшырады. Бұл кезең сенімге емес, ақыл-парасатқа негізделген білімге ұмтылыс жасаған тұтас ұрпақты қамтыды. Талқылауға жататын барлық заттар, ақыл-парасат құралдарымен айқындалуы қажет нәрселер осы кезең адамдарының өзгеше қасиеті болып саналады.

Ағарту дәуірінде қазіргі мәдениетке ауысу аяқталды. Өмір сүру мен ойлаудың жаңа бейнесі қалыптасты, яғни мәдениеттің жаңа типінің көркем сана-сезімі өзгерді. «Ағарту» атауы діни немесе саяси беделдерге негізделген орныққан пікірді өзгерту мақсатында мәдени және рухани өмір саласында осы ағымның жалпы рухын жақсы сипаттайды.

Ағарту – білімсіздік, наным, ырымшылдықты адамзат апаты мен қоғамдық зұлымдықтардың басты себебі, ал білімді, философиялық және ғылыми қызметті, ойлау еркіндігін мәдени және әлеуметтік алға жылжу жолы деп білді.

Ғасырдың ұлы идеясы әдебиет арқылы көпшілік көңілін баурап алды. Жаңа заман әдебиеті жаңа оқушының пайда болуына әкелді, бұл оның өз бетімен білім алуға құштарлығын арттырды.

Юрий Боров «Эстетика» оқулығында Жаңа Заманды көркемдік дәуір ретінде сипаттауды классицизм, ағартушылық, сентиментализм, романтизм, неоготика сияқты көркемдік бағыттардың ерекшелігін баяндаумен түсіндіреді.

Енді осы бағыттарға жеке-жеке тоқталайық. Бірінші бағыт – классицизмнің отаны Франция болды. Егер де барокко сезімдерге артықшылық беретін болса, классицизм ақыл-парасатқа жүгінеді. Ол үшін жоғары норма және идеалды үлгі антикалық өнер болып табылады. Оның басты ұстанымдары айқындылық, реттілік, логикалық бірізділік, үйлесім. Классицизм бойынша, өнердің пәні асқақтық пен әсемдік, батырлық пен жоғары адамгершіліктік қасиеттер болуы тиіс. Өнердің негізгі сарапшысы тек талғам емес, ақыл-парасат болуы қажет.

Жаңа кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жүйедегі өзгерістер адамдардың рухани дүниесіне, олардың идеалдарына ықпал етті. Өнердің саласы кеңейді, бірақ ол күнделікті өмірде зор маңызға ие болды, өнердің жаңа тақырыптары мен сюжеттері, жаңа жанрлары пайда болды. Өнердің әлеуметтік мәртебесі өсті. Әдебиет жаңа идеяларды таратуда зор маңызға ие болды. Әсіресе драматургияның жетістіктері айтарлықтай дәрежеге көтерілді, осы ретте Корнель, Вольтер, Ж.Ж.Руссо, Бомарше және тағы да басқаларды есімін ерекше атап өтуге болады. Кескіндеме өнерінде жаңа кейіпкерлер пайда болды, пейзаж, портреттік жанр және тұрмыстық жанрлар дамыды, саяси карикатура, сатира дүниеге келді. Музыкада опера сахнаға шықты. Музыка ең алдымен Германияда, Австрияда дамудың шырқау шегіне жетті және Гендель, Бах, Гайдн, Моцарт, Бетховен, Глюк шығармашылығы осының дәлелі іспеттес. Сәклет өнерінде



азаматтық құрылыстың рөлі артты, болашақ қалаларды салудың жаңа жоспарлары дүниеге келді.

Бірақ сәулет өнерінде негізгі бағыт классика, яғни Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим архитектурасының принциптеріне сүйену жалғасты. Тұтастай алғанда Жаңа кезеңнің өнеріне тән нәрсе сан алуан көркемдік бағыттардың болуы делінеді, олар өзара бәсекелесті және бір-бірімен қиылысты, олардың қатарында: реализм, барокко, классика, рококо, сентиментализм және романтизм бар.

Жаңа Заманды сипаттайтын келесі бағыт – Ағартушылықтың. Оның мақсаты мен идеалдары: адамдардың бостандығы, тұрмыс жағдайының жақсы болуы және бақытты өмір сүруі, бейбітшілік, күш қолданбау, дінге сенушілік және т.б., сондай-ақ еркін ойлаушылық, билікке сын көзбен қарау, догмаларды жақтырмау. Батыс Еуропа елдерінде Ағартушылық қозғалысының ұлттық-мәдени ерекшеліктері болды. Ағылшын ағартушылары тұтастай алғанда адамзаттың емес, нақты адамның ең жоғарғы мақсатын, бақытын бірінші кезекке қоя отырып, ең алдымен жеке жетістіктерге мән берді. Француз ағартушылары жаңа қоғам туралы армандап, оны құру үшін күш қолдану мүмкіндігіне жол берді. Күш қолданушылыққа олар халық пен билеушілердің рухани ағартушылығын қарама-қарсы қойды. Ағартушылардың теориясы саяси тәртіптің мызғымайтындығына деген дәстүрлі сенімді бұзды: ол Құдаймен орнаған жоқ, оны бар болғаны адамдар, олардың тарихи өмірінің белгілі бір кезеңінде орнатқан деген түйін жасады.

Өткен ғасырлар үлесіндегі әлем әдебиетінде көптеген әдеби ағымдардың болғаны баршаға аян. Сол ағымдардың ішіндегі 18-ғасырдың екінші жартысы мен 19-ғасырдың басында дамыған ағым – сентиментализм. Сентиментализм (французша сезім, сезімталдық деген сөздерден алынған). Бұл көркем әдебиеттегі ағым ағылшын және басқа Еуропа халықтарының әдебиетінде кеңінен өріс алған. Ағылшын әдебиетінде сентиментализмді орнықтырған жазушы Л.Стерн. Оның «Франция мен Италияға сентименталдық сапар» атты романы Еуропа елдерінде кең қанат жайды, орыс тілінде аудармасы да жарық көрді. Сентиментализм жеке адамдардың жан дүниесін, көңіл-күйін суреттеуге ерекше мән береді. Бұл бағыттағы қаламгерлердің шығармаларында жанұялық тұрмысты, күнделікті тіршіліктің жеке көріністерін баяндауға, ұсақ және орта буржуазия, қолөнершілер өмірін сипаттауға көп орын береді. Әдебиетте психологиялық роман, повесть, естелік, сапарнама секілді жанрлық түрлер көбірек қолданылатын болды. Шығармалардың композициялық өрнегін, сюжетін құрғанда да жазушы баяндалатын оқиға-жайларды адамға қаншалықты әсер етіп, қандай сезім туғызатынын алдымен ескереді. Яғни жазушы әр түрлі өзара тікелей байланысы жоқ оқиға-жайларды, егер соларға ерекше мән берген болса, бір-біріне жанастырып, еркін баяндап отырады. Айтылып отырған оқиғаға табиғат суреттерін, жазушылардың өзінің әр түрлі сезім-әсерін және сондай басқа жанама жайларды қосарлап береді. Көркем әдебиеттегі сентиментализм ағымына өз үлесін қосқан қазақ ақын-жазушылары мен сал-серілерінің туындылары нағыз ішкі сезімнен туған шығармалар екенін байқау қиын емес. Солардың ішінде Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлұлы сынды тағы да басқа сал-серілер мен ақын-жыраулардың туындыларын сентиментализм ағымына жатқызуға болады.

Ағартушылық дәуірде «мәдениет» сөзі бірінші рет нақты, жалпы таныған термин болды, оның мәнін тек оқыған жоғарыдағы қоғам ғана емес, қарапайым адамдар да талқылады. Әлем негізі идеялар үштігі - «ақиқат», «жақсылық», «сұлулық» екендігін мойындаған философтардан соң, қоғамдық ой мен көркем шығармашылықтың әр түрлі ағымдарының өкілдері мәдениеттің дамуын ақыл-парасатпен, адамгершілік-этикалық бастаумен немесе өнермен байланыстырды.

Қоғам туралы ғылымда мәдениет адамзат дамуы тарихын түсінудің теориялық концепцияларының негіздері ретінде қаралды. Ол тарихи құбылыстарды таңдап алу және топтау, түсіну құралы болды. Ағартушылық бойынша тарихтағы сияқты өнерде де әрдайым өзгеріс болып отырады.

Шындықтан қорку және оны қабылдамаудан жаңа бағыт – романтизм туды. Әлеуметтік шындыққа жеке өмірді қарама-қарсы қою сентиментализмде байқалады. Осы бағыттар Жаңа Заман дәуірінің гуманистік атмосферасы, оның үйлесімді тұлғаға ұмтылуы арқасында мүмкін болды. Жаңа Заман мәдениеттің әрі қарай дамуына күшті әсер еткен әлемді өзінше көру үлгісін жасады.

Алғашқы кезеңге келер болсақ, романтизм – (француздың готан деген сөзінен шыққан) – өз кезеңінде аталмыш елдердің рухани мәдениетінде, әдебиетте, философия, тарих, медицина, жаратылыстану ғылымдарының кейбір салаларында кеңінен тараған идеялық бағыт. Бұл бағыт өкілдерінің шығармашылық әлеміне тереңірек үңілу үшін ең алдымен романтизмнің нақты сипатын біліп алуымыз қажет. Осы тұрғыда академик Зәки Ахметовтің берген анықтамасына тоқталсақ: «Романтизм (түпкі мағынасы өмірді кітаптағыдай, ой-қиялмен ұштастырып суреттеу) – әдебиеттегі, көркем өнердегі өмірдің жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс. Сондай-ақ осындай әдісті қолданған, қалыптастырған әдеби ағым, әдеби бағыт деген мағынада да айтылады. Осы соңғы мағынасында романтизм



белгілі бір дәуірмен, сол кездегі әдеби үдеріспен, нақтылы ақын-жазушылардың шығармашылығымен байланысты алып қаралады да, нақтылы сипат алады. Ал көркем әдіс ретінде алғанда романтизм әлде қайда кеңнен мағына береді, осы әдістің негізгі ұстанымдарын, бейнелеу тәсілдерін (қиялшылық, ерекше көңіл аударарлық оқиғалар, сирек кездесетін арманшыл кейіпкер, романтикалық көтеріңкі леп, романтикалық сарын т.б.) белгілі бір тарихи кезеңнің шеңберінде алып, нақтылы бір елдің әдебиетімен, өнерімен шектеп қою дұрыс болмас еді.

Романтизм әдісі негізінен алғанда жазба әдебиетінде 19 ғасырда толық қалыптасып, өзінің кемелдік дәрежесіне көтерілгенін айта отырып, осы әдіске тән бейнелеу тәсілдері одан әлдеқайда ерте кездегі сөз өнерінен (ауыз әдебиетінен) қылаң беріп, көрініп қалып отыратынын, бұл көркемдік әдістің кейін 20 ғасырда жаңа сипат алып, дамып келе жатқанын, оның негізгі ұстанымдары көркем өнердің табиғатына сай болатындықтан алдағы уақытта да қолданыла беретінін мойындау керек. Әрине романтизмнің әдеби ағым ретіндегі және нақтылы кезеңдегі қоғамдық, мәдени жағдайға, ортаға байланысты қалыптасқан бейнелеу өзгешеліктері, әдіс-тәсілдері сол тарихи дәуірдің талап-тілектеріне сәйкес, философиялық, эстетикалық көзқарастарымен жалғас келеді.

Романтизм тұтастай алғанда әдебиетке жаңа тақырып, жаңа кейіпкерлер әкелді, сөз өнерін көптеген ерекшеліктермен байытты. Азаматтық лириканың тақырыптық, идеялық ауқымын кеңейтіп, романтикалық поэманың озық үлгілерін туғызды. Романтизмнің құнды, ұтымды жақтары оған ілесе өркендеген реализмге үлкен тірек болды. Алайда романтизмді реалистік әдіске қарсы қойып, оған алыс-жақындығы тұрғысынан қарап бағалау дұрыс болмас еді. Романтизмнің бағалы жақтары, өзіндік артықшылықтары да, сонымен бірге осалдығы да өз табиғатынан туындайды. Романтизм мен реализмді екі түрлі көркемдік әдіс деп қарасақ, олар бірін-бірі толықтырып, біріне-бірі нәр бере алатындығына есте сақтаған жөн. Қазақ әдебиетінде романтикалық сарын мысалы М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» атты дастанында айқын көрініс тауып, өте әдемі, әсерлі болып шыққан.

Жақсы өмірді, баянды ғұмырды болашақтан іздеу, немесе ортағасырлық тәжірибелерге қайта оралуға шақыру батыс романтиктері шығармашылығының екі жақты қыры. Оның біріншісі ілгерішіл немесе революциялық романтизм, соңғысы кертартпа романтизм делінеді. Ілгерішіл романтизмнің өкілдері қатарында француз жазушысы Виктор Гюго, ағылшын ақыны Джордж Гордон Байрон, неміс ақыны Генрих Гейне, т.б. аталынады. Кертартпа романтиктер ағартушылық идеяны жақтамай, тіпті оның қоғамдағы ролін жоққа шығара бастайды. Өткенді аңсап, пессимистік ойларға бой алдырады.

Романтизм ғасыр басында тек әдебиетте ғана емес музыка, көркемөнер, театрда да қалыптасты. Сөйтсе де романтикалық идеялар әр өнер түрінде түрлі деңгейде, өзіндік ерекшеліктерімен көрініс тапты. Романтиктер мінез ерекшелігі мейлінше анық, арманшыл, өз қатарынан биік тұрған, мақсаты асқақ, ізгі ниетті қаһарман туралы түпкі мүдделеріне сай келетін көркем тұлғаларды жасады.

Романтизм бағытында жазылған туындылардың кейіпкерлері, әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, азаттық, теңдік, бақыт үшін күресетін рухы күшті жандар болып келеді. Адамның бас бостандығын, адами-қоғамы мәні бар, құлшынысқа толы жағымды іс-әрекеттерге ұмтылыстарын мадақтау – романтизм туындыларына ортақ қасиет. Романтиктер болмыс пен замана қайшылықтарын түгелдей шешуді қиялдайды. Олар дүние жүзі әдебиетінде тұңғыш рет адам жанының аса күрделі ішкі әлемін, оның тұңғыық терең иірімдерін ашып көрсетті. Бұл әдеби бағыт адамзат мәдениетінің тарихындағы тұтас дәуірді құрайды.

Сонымен романтизм Еуропа әдебиетінің даму тарихындағы тұтастай бір дәуірді құрады. Романтиктер өздерінің тамаша суреткерлік, көркемдік-эстетикалық табыстары арқылы бірқатар соны әдеби жанрларды қалыптастырып дамытты. Адам тағдыры мен қоғам өмірінің қыр-сырына бей-жай қарамай, оны өз кейіпкерлері арқылы нақты да нанымды ашып көрсетіп, көркем бейнелей білді.

XIX ғасырда барша Еуропаға романтизм сыйлаған үлкен жетістіктер мен жаңалықтар – әлемдік әдебиет тарихындағы жарқын беттердің бірі болып қала береді.

Ал, неоготика туралы айтатын болсақ, соборлардың орта ғасырлық сәулет өнерінен бастау алатын, өзінің ерекше стилі бар сәулет өнері, қолданбалы және сәндік өнердің көркем бағыты.

Неоготика – романтизмнің шегіне жетуінің өнімі. XVIII ғасырдың екінші жартысында ергеромандық көңіл-күйдің толықынымен готика туындайды және XIX ғасырда «неоготика» атауымен өзінің дамуын жалғастырады. Неоготика әдебиет саласын да қамтыды.

Ағылшын эстетикасында готика термині бұрынғы уақытта теріс сипаттамаға ие болған, яғни классикалық тәртібі жоқ, «таза орта ғасырлық» деген мағынада қолданылған. Ал, «неоготика» термині жұмбақ-түсініксіз, құпиямен қатар жүреді. XVIII ғасырдың екінші жартысында, сосын XIX-XX ғасырлар тоғысында готикалық новелла мен готикалық роман сәнге айналды, бұо қоғамдағы романтикалық көңіл-



Кітап: Эстетика  
Дәріс: Жаңа заман көркемдік дәуір ретінде  
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

---

күйдің дамуымен байланысты болды. Неоготиканың көркемдік концепциясы – жердегі өмірде адамды ешқандай жақсылық күтіп тұрған жоқ, тек келесі бақилық өмірде ғана игілік бар.

Бір тарихи кезеңде бірнеше әр түрлі көркем стильдер алмасып отырған, бұл қоғамдық, саяси, тарихи өзгерістерге байланысты адамның рухани әлемі де әрдайым өзгеріске ұшырап отыратындығын көрсетеді.